

Башқұрттар да Мағжанды мақтан етеді

Кешегі Алашорда зиялыларының тұлға болып қалыптасу жолында Уфадағы «Галия» медресесінің тигізген ықпалы қаншалықты?



Отты ғұннан от боп ойнап туған Мағжан, қысқа әңгіме шебері Бейімбет һәм Міржақыптардың қанат қатайтып, қияға ұшқан ұясы болды ғой бұл медресе. Өзге ел демей, оларды өз еліндей көрген Алаш арыстарының башқұрт, татар халықтарына тигізген пайдасы да аз емес. Демалыс кездерінде бала оқытумен айналысқан қазақ жігіттері, Уфа қаласын еркін биледі, қазақша газеттер шығарып, түрлі ұйым, үйірмелер ашқаны белгілі. Бұған негіз ретінде мынадай деректі келтіруге болады: «Основная масса шакирдов (кроме 224 человек) были татарами. Известно, что за десять лет деятельности медресе его выпускниками стали 154 казаха. В количественном отношении, национальный состав шакирдов, получивших образование в медресе «Галия», выглядел следующим образом: татары – 726 чел., казахи – 154 чел., 80 другие тюркские народы». (Тузбекова Л.С. Медресе «Галия» – высшее мусульманское учебное заведение Башкортостана (1906-1919 г.): Научное издание, 38-бет). Жоғарыда көрсетілген жазбаға қарасақ, медреседе ісі қазақ шәкірттерінің біршама болғанын аңдаймыз. Демек, сауат ашу кеңес өкіметінің қызыл жалауымен емес, бауырлас ағайындардың ізгі ниетімен келгені ғой. Мына жазбаға назар аударғанда да көп жайтты аңғаруға болады: «Казахский журналист Абдрахман Мустафин, шакирд медресе «Галия», пишет о себе, что приехал поступать в медресе, когда ему исполнилось 20 лет. Рассказывает, что вместе с Беимбетом Майлиным они учились играть на мандолине у другого шакирда медресе «Галия» – Хасана Туфана, которому тогда было всего 15 лет. Далее, Хасан

Туфан рассказывает о своих казахских друзьях; Он даже вовлек меня в свой тайный кружок, состоявший из четырех человек. В этом кружке мы старались овладеть тем, чего не могло дать медресе: читали переведенные на турецкий язык французские книги, знакомились с новейшими достижениями естественных наук» (Тузбекова Л.С. Медресе «Галия» – высшее мусульманское учебное заведение Башкортостана (1906-1919 гг.): Научное издание, 39-бет). Бейімбет Майлиннің өзі осы медресе қабырғасында «Садақ» журналына редактор болып, қазақ ағаруына айтарлықтай үлес қосты. Алайда, жазушының, басқа да қазақ зиялыларының осындай белсенді әрекеттері үшін сол кездерде татар оқығандарының қырына ілігіп, саясат цензурасының назарында болғаны белгілі. «Галия» медресесі жайлы зерттеп жүрген Уфа қала сының тұрғыны Нияз Алсынбаевтың айтуынша, кезінде татар молдалар газеттер қазақша емес, татар тілінде шығарылуы керек деген ұран мен қазақ журналистеріне қысым жасаған көрінеді. Таяуда, қол қалт еткен бір уақытта қаланың ескі бөлігінде орналасқан тарихи ғимарат – «Галия» медресесін өз көзіммен көрудің бақыты бұйырды. Жалпы, Белое және Уфимка өзендерінің арасында орналасқан Уфа қаласы мұражай іспетті. Өткен ғасырлардың анық куәсіндей болып ескі ғимараттар, үйлер сол күйі қаз-қалпында тұр. «Галия» медресесі де бәз-баяғыдай қалпында. Қаланған кірпіштерінің өзі сол тарихи кезеңнен сыр шертіп тұрғандай әсер береді. Алайда, медресе ғимаратына кіру мен ойлағандай оңай болмады. Есік күзеткендер түрлі сылтау айтып, бірнеше рет қайтарып та жіберді. Табандылық танытқанның арқасында ғана діттеген мақсатқа жеттік. Мұрағатта Мағжанның медресе қабырғасында салынған портреті бар дегенді естіп келген едім. Бірақ, «Қазақ ақындары» деген бөлімнен ондай дүние таппадым, керісінше Мағжанның суретін башқұрт ақындары арасынан кездестірдім. Сондағы жүрген қызметкерге қойған сұрағым ұнамады ма, тіпті суретке де түсіруге рұқсат бермей, шығарып жіберді. Мұнысы несі, әлде шатасып, байқамай жазылып кеткен болар деген ой да келеді. Алайда, осы қателіктің қағаз жүзінде дәлелі барын іздеп жүріп көзбен көрдік. Қазіргі таңда бұрынғы медресе ғимараты «Ресей Ислам университеті» аталады. Сол университет тапсырысымен 2011 жылы Уфа қаласындағы баспалардың бірі шығарған пышақтың қырындай жұқа ғана кітапша бар. Университет тарихы туралы жазылған. Түпкі тарихын, әрине «Галия» медресесінен бастайды. Сол кітапшаның үшінші бетінде Башқұртстаннан шыққан ақындар қатарына Мағжан Жұмабаевты да енгізіп қойыпты. Басында бұл не деген өрескел қателік, барып тұрған сауатсыздық деп бұған тіксіне қарағанымыз да рас еді. Кейін сабама түскеннен кейін, бұл райдан қайттым. «Жақсыға әр кімнің ақ, бар таласы» демекші, Мағжандай ақынымызды бауырымыз деп өздеріне «меншіктеп» алғандарына түсіністікпен қарауға тырыстым. Кезінде біздің де башқұрттың ұлы ақындарының бірі Мифтахедин Ақмулла да көзі тірісінде қазақ арасында құрметке бөлеп, мадақтағанымыз рас қой. Ақмулланың өзі бар ғұмырын қазақ даласында шәкірт оқытуға сарп етті. Тіпті, Ақмулла деген атты қазақтар қойған. Ізгі ниеті үшін «Ақ Молда» деп атап кеткен. Негізі Ақмолда, алайда башқұрт тілінің ережесіне сәйкес фонемалық өзгеріске ұшырап, Ақмулла Мифтахедин деген есімі ұмытылып, Ақмулла атанып кеткен. Жалпы, қазбалай берсең табылар рухани қазына көп, мағлұмат та мол, тек талмай іздей білу керек. Барша түркі жұртына ортақ Мағжандай арыс тар әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді. **Ерзат ЕРМАҒАМБЕТОВ**